

<https://doi.org/10.52889/1684-9280-2021-3-59-9-14>

ӘОЖ 614; 614.2; 614.33; 61.331.108; 614.253

ҒТАХР: 76.75.75; 76.01.79

Төл мақала

COVID-19 пандемиясы жағдайында провизорлық стационарда жұмыс жасайтын травматология және ортопедия саласы мамандарының психоэмоционалдық статусын бағалау

Ахмедьярова Н.А.¹, Оразова Ғ.Ұ.², Бәтпен А.Н.³

¹ Астана медициналық университетінің Қоғамдық денсаулық және менеджмент факультетінің бакалавры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: askhrvna@gmail.com

² Астана медициналық университетінің Қоғамдық денсаулық және гигиена кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: galiyaorazova@gmail.com

³ Академик Батпен Н.Ж. атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы директорының ғылыми жұмыстар және стратегия жөніндегі орынбасары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: batpen_a@nscto.kz

Түйіндеме

Зерттеудің мақсаты: COVID-19 пандемиясы кезінде Академик Батпен Н.Ж. атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының жанынан құрылған провизорлық стационардың медициналық қызметкерлерінің психоэмоционалдық жағдайына тигізетін әсерін бағалау.

Әдістері. Бұл бір реттік көлденең зерттеу жұмысы 2021 жылдың жаз айларында Академик Н.Ж. Батпен атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының жанынан құрылған провизорлық стационарда жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің (n=42) орташа жасы – 32,2 (SD=12,5) құрады. Сауалнама сұрақтары HADS және кәсіби күйзелісті анықтауға бағытталған Маслач сауалнамасына сүйене отырып, Google платформасында авторлар құрастырған 12 сұрақтан тұрды.

Нәтижесі. Провизорлық стационарда жұмыс жасайтын орта медициналық қызметкерлердің психоэмоционалды күйзеліске жиі түсетіні анықталды. Күйзеліс белгілерінің кездесу жиілігі медициналық қызметкерлердің жынысына байланысты болмады, дегенмен, әйелдерде жиірек байқалды ($\chi^2=14,6$, $p<0,001$).

Қорытынды. COVID-19 пандемиясы жағдайында жұмыс жасайтын дәрігерлер және кіші медициналық қызметкерлермен салыстырғанда орта медициналық қызметкерлер психоэмоционалды күйзеліске бейім болуы ықтимал. Жұмыс барысында жеке қорғаныс құралдарын қолданудан туындаған қолайсыздықтар, өзіне немесе отбасы мүшелеріне COVID-19 инфекциясын жұқтырып алу қаупінің жоғары екендігін түсіну психоэмоционалды күйзеліске алып келетін басты факторлар ретінде танылды.

Түйін сөздер: COVID-19 пандемиясы, әлеуметтік сауалнама, психоэмоционалды статус, медициналық қызметкерлер.

Corresponding author: Nargiz Akhmediyarova, Bachelor of the Public Health and Management Faculty, Astana Medical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
Postal code: Z10K8Y7
Address: Kazakhstan, Nur-Sultan city, Nur-Sultan, Beibitshilik str., 49 a
Phone: +7 705 537 66 10
Email: askhrvna@gmail.com

J Trauma Ortho Kaz 2021; 3 (59): 9-14
Received: 16-06-2021
Accepted: 23-06-2021



This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Кіріспе

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы SARS-CoV-2 коронавирусынан туындаған індетті 2020 жылдың 30 қаңтарында халықаралық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай, ал 11 наурызда пандемия деп жариялады [1,2].

Аталмыш пандемия әлем елдерінің денсаулық сақтау жүйесіне ерекше әсер етіп, орын алған жағдайға тез бейімделуге мәжбүр етті. Бұл өз кезегінде медициналық қызметкерлердің жұмысына физикалық және психикалық тұрғыда ауыр жүктеме болды [3,4]. Ал психологиялық шиеленіс факторларының алдын алу және оларды басқару мәселесіне жеткіліксіз назар аудару провизорлық стационарларда жұмыс атқаратын медициналық қызметкерлер арасында психоэмоционалды күйзеліске, ал ұжымда психологиялық климаттың нашарлауына әкеліп соғады [5,6].

Медициналық қызметкерлердің кәсіби күйзеліс мәселесі пандемия жағдайларына дейін де өткір мәселе болды. Түрлі ғалымдардың 2020 жылдан бастап жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, медициналық қызметкерлердің кәсіби күйзелісі жоғары деңгейде және басқа сала мамандарында кездесетін сәйкес көрсеткіштермен салыстырғанда екі есе көп екені байқалады [7-11]. Дәрігерлер арасында кәсіби күйзеліске ұшырау қаупі медициналық қателіктер,

емдеу болжамының нашарлауы, абсентеизмнің өсуімен сипатталады.

Еліміздің медициналық мекемелерінде пандемиямен күресуде ат салысып жүрген медицина қызметкерлерінің психикалық денсаулығына төнетін қауіптің деңгейін түсіну, сондай-ақ, оның салдарын басқару шараларын анықтау өте маңызды.

Қолжетімді әдебиет көздерінде COVID-19 пандемиясы жағдайының қазақстандық медициналық қызметкерлер мен медициналық жоғарғы оқу орындары студенттерінің психоэмоционалды жағдайына тигізетін әсерін зерттеген бірер зерттеу жұмысы болғанымен [12,13], профильді емес медициналық орталықтардың жанынан төтенше жағдайды ескере отырып ашылған провизорлық стационарларда жұмыс атқарған түрлі профиль мамандарына, оның ішінде травматология және ортопедия саласының мамандарына пандемияның тигізген әсері зерттелген емес.

Зерттеудің мақсаты – COVID-19 пандемиясы кезінде Академик Батпенев Н.Ж. атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының жанынан құрылған провизорлық стационардың медициналық қызметкерлерінің психоэмоционалды жағдайына тигізетін әсерін бағалау.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Бұл бір реттік көлденең зерттеу жұмысы болып табылады. Әлеуметтік зерттеуге Академик Батпенев Н.Ж. атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының жанынан құрылған провизорлық стационардың медициналық қызметкері қатысты. Респонденттердің жалпы саны 42 адамды (18 ер, 24 әйел адам) құрады. Респонденттер лауазымы бойынша салыстыру мақсатында біркелкі деңгейде жинақтауға тырысқанымызбен, орта және кіші медициналық қызметкерлердің саны басымырақ болды. Сауалнамаға 11 дәрігер, 15 орта медициналық қызметкер және 16 кіші медициналық қызметкер қатысты. Респонденттердің орташа жасы 32,2 жасты (SD=12,5) құрады (сурет 1). Әйелдердің орташа жасы ерлерге қарағанда айқын жоғары болды (әйелдерде - 32,8 (SD=12,5), ерлерде - 28,1 (SD=11,7), $p < 0,05$)).

Сауалнама сұрақтары HADS және кәсіби күйзелісті анықтауға бағытталған Маслач сауалнамасына сүйене отырып құрастырылған 12 сұрақтан тұрды. Google платформасында орналастырылған қазақ және орыс тілдеріндегі сауалнамаға сілтеме Whatsapp әлеуметтік желісі

арқылы онлайн таратылып, анонимді түрде жүргізілді.

Сипаттамалық статистика сандық айнымалыларға арналған орта (M) және стандартты (SD) ауытқуларды есептеуге, ал пайыздық өлшемдер сапалық ауытқуларды есептеуге бағытталды. Ауытқулар арасындағы айырмашылықты бағалау үшін хи-квадрат критерийі немесе тәуелсіз іріктеудің t-критерийі қолданылды. Тәуелсіз айнымалылардың ассоциациясын бағалау үшін логистикалық регрессиялық талдау жасалды. Статистикалық талдауда Microsoft Excel және IBM SPSS Statistics 20.0 бағдарламалары қолданылды. Статистикалық тұрғыдағы маңызды айырмашылық мәні $p < 0,05$ -тен кем болмаған жағдайда алынды.

Бұл зерттеу жұмысы Астана медициналық университетінің 6B110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының бакалавры Ахмедьярова Наргиз Асқарқызының сәйкес тақырыптағы дипломдық зерттеу жұмысының аясында жүргізілген.


Нәтижелері

COVID-19 пандемиясы кезінде провизорлық медициналық қызметкерлердің жұмыс жүктемесі айтарлықтай көбейгені байқалды (сурет 1).

Пандемия жағдайында провизорлық стационардағы жұмыс жүктемесінің ауырлағанын респонденттердің басым бөлігі белгіледі. Алайда орта медициналық қызметкерлердің арасында жұмыс жүктемесінің артқанын белгілегендер саны көбірек болды (14 (87,5%)).

Респонденттердің басым бөлігінің (74%) психоэмоционалды жағдайына әсер еткен фактор ретінде олардың жұмыс пен жеке өмір

арасындағы тепе-теңдікті бұзатын психоәлеуметтік қысымды сезінуі көрсетілді. Қалған медициналық қызметкерлердің 12%-ы нақты жауап бермесе, ал 14%-ы ешқандай психоәлеуметтік қысым сезінбейтінін растады. Ал, респонденттердің лауазымы бойынша психоәлеуметтік қысымды дәрігерлер (65%) мен орта медициналық қызметкер (68,2%) кіші медициналық қызметкерлермен салыстырғанда бір деңгейде сезінген. Регрессиялық талдау кезінде бұл көрсеткіштің респонденттердің жынысына байланысты емес екендігі анықталды ($p=0,200$).



Сурет 1 - Респонденттердің COVID-19 пандемиясы кезінде жұмыс жүктемесінің көбею жағдайын сипаттауы, %

Зерттеу барысында психоэмоционалдық күйзеліске медициналық қызметкерлер арасынан жиі жағдайда мейіргерлер ұшырайтындығы байқалды (66,4%). Ал дәрігерлер және кіші медициналық қызметкерлер кейде ғана орын алатындығын мәлімдеді. Күйзеліс белгілердің кездесу жиілігі

медициналық қызметкерлердің жынысына байланысты болмады, дегенмен әйелдерде жиірек байқалды ($\chi^2=14,6$, $p<0,001$). Респонденттердің психоэмоционалдық мәселелерді өздігінен шешуінде аса қиындық тудырмағаны байқалады (кесте 1).

Кесте 1 - Жұмыс уақытында туындаған психоэмоционалдық мәселелер орын алған жағдайда қиындықты өздігінен шешу деңгейі

Жұмыс уақытында психоэмоционалдық мәселелер орын алған жағдайда оларды оңай шешесіз бе?	Абс., %
Жоқ, қиынға соғады	5 (11,9%)
Әр кезде әрқалай	11 (26,2%)
Иә, оңай шешемін	26 (61,9%)

Провизорлық стационар жұмысына тартылған медициналық қызметкерлердің жеке қорғаныс құралдарын пайдалануының жұмыс жасау барысында жайсыздық тудыруы олардың психоэмоционалдық күйіне әсер еткен тағы бір фактор ретінде қарастырылды. Зерттеуге қатысушылардың барлығы дерлік (91%) жеке қорғаныс құралдарын ұзақ уақыт пайдаланғанда физикалық әрі психоэмоционалды қолайсыздықтың күнделікті орын алғандығын хабарлады.

Медициналық қызметкердің науқастармен тығыз байланыста болуы олардың өз денсаулығына деген алаңдаушылықты еріксіз тудырған. Респонденттер үнемі ішкі қорқыныштың болуы тек өз денсаулығына алаңдаушылықтан емес, сонымен

қатар отбасы мүшелеріне жұқтыру қаупін арттыру ықтималдығының көбеюінен деп атап көрсетті. Сауалнама нәтижесінде жоғарғыда аталған үрей болуы туралы респонденттердің 91%-ы «иә»; 5%-ы «жоқ»; 4%-ы «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді.

COVID-19 пандемиясы жағдайында провизорлық стационарда науқастармен тікелей жұмыс жасайтын медицина қызметкерлерінің көпшілігінде эмоционалды сарқылудың айқын белгілері байқалды.

Жоғарыда аталған факторлардың кездесу жиілігі мен оларды медициналық қызметкерлердің өздігінен шеше алуға қабілеттілігі респонденттердің жұмыс өтіліне байланысты болмады ($p=0,200$).

Талқылау

Сонымен, пандемия жағдайының профильді емес травматология және ортопедия орталығының жанынан төтенше жағдайды ескере отырып ашылған провизорлық стационарларда коронавирусты науқастарды емдеуге қатысқан медициналық қызметкерлердің психоэмоционалды денсаулығына кері әсер еткендігі анықталды. Бұл әсіресе мамандардың жұмыс жүктемесінің өсуіне, өзіне немесе туысына ауру жұқтыру қаупін сезінуіне және үнемі жеке қорғаныс құралдарын тұтынуға қатысты қолайсыз сезімге байланысты болды.

Біздің нәтижеміз психоэмоционалды күйзелістің белгілі бір деңгейінің орта медициналық қызметкерлерде көбірек байқалғанын көрсетті. Эмоционалды күйзеліс синдромы 2016 жылы Кореяда болған коронавирустың басқа түрінен туындаған эпидемия кезінде науқастарға көмек көрсететін орта медицина қызметкерлерінде де тіркелген. Авторлардың мәлімдеуінше, бұл жағдай әдетте ұйымдастырушылық факторларға байланысты

(мысалы, институционалды климат, моральдық қысым, шамадан тыс жұмыс жүктемесі, жалақының төмендігі және т.б.), эпидемияның ауырлығы эмоционалды сарқылуды тудырған [14].

Түрлі авторлардың зерттеулерінің нәтижесі көрсеткендей, COVID-19 жұқтырған науқастарды емдеуде ат салысқан дәрігерлерге қарағанда мейіргерлерде, әсіресе әйел жынысты мамандарда стресстің, мазасыздықтың және PTSD-нің жоғары деңгейін анықтады [14-18]. Мұны мейіргерлердің ұзақ жұмыс ауысымдары және науқастармен тығыз байланыста болуымен түсіндіруге болады. Ұқсас үлгідегі тағы бір зерттеу дәрігерлердің әлеуметтік қолдау деңгейі ұйқының тиімділігі мен сапасына айтарлықтай байланысты және мазасыздық пен стресспен теріс байланысты екенін көрсетті [4,5,14,19].

Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер қытайлық әріптестердің жақында жүргізген зерттеуінің нәтижелері бойынша 2020 жылдың басында COVID-19 жұқтырған науқастармен

жұмыс жасаған дәрігерлер мен мейіргерлер депрессия (50,4%), мазасыздық (44,6%), ұйқының бұзылуы (34%) және күйзеліс (71,5%) белгілері туралы хабарлады. Симптомдардың жоғары қарқындылығы:

- ерлермен салыстырғанда әйелдерде;

- медициналық қызметкерлердің басқа санаттарымен салыстырғанда мейіргерлерде;

- басқа аудандарда жұмыс істейтін медицина қызметкерлерімен салыстырғанда Уханьда жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінде көбірек байқалды [4,5,7].

COVID-19 контекстіндегі медицина қызметкерлерінің психикалық денсаулығына келетін болсақ, стресс тудыруы мүмкін қайталама психоәлеуметтік факторларды, мысалы, жас балалармен немесе қарт отбасы мүшелерімен бірге тұратын созылмалы аурулары бар мамандарды анықтау маңызды [20,21].

Ауру жұқтырған науқастармен тікелей байланыста болған медицина қызметкерлерінің, әсіресе депрессия, мазасыздық және суицидтік ойлардың туындау мүмкіндігіне байланысты, олардың психикалық денсаулығын үнемі тексеріп бақылау қажет. Денсаулық сақтау органдары үшін

Қорытынды

COVID-19 пандемиясы жағдайында провизорлық стационарда жұмыс жасайтын дәрігерлер және кіші медициналық қызметкерлермен салыстырғанда орта медициналық қызметкерлер психосоциалды күйзеліске жиі түседі. Жұмыс барысында жеке қорғаныс құралдарын қолданудан туындаған қолайсыздықтар, өзіне немесе отбасы мүшелеріне COVID-19 инфекциясын жұқтырып алу қаупінің жоғары екендігін түсіну психосоциалды күйзеліске алып келетін басты факторлар ретінде

сала мамандарының психикалық денсаулығын зерттеуде, қажеттілік туындаған жағдайларда ерте психологиялық немесе психиатриялық араласулар жүргізу үшін эмоционалды проблемалардың даму қаупі жоғары топтардың, яғни, медициналық қызметкерлердің психикалық денсаулығын мониторингтеу өте маңызды [22-24].

Атап көрсету қажет, біздің зерттеуіміздің әлсіз тұсы – провизорлық стационардағы жұмысқа кірістірілген мамандардың санының аз болуы. Бұл өз кезегінде алынған нәтижелерден сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік бермеді. Алайда біз қол жеткізілген нәтижелер жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келгендігі назар аударды.

Дегенмен, біздің зерттеудің түпкі мақсаты – орталықтың өз мамандарының психосоциалды ахуалын бағалау әрі оларды қолдауға бағытталған тиімді іс-шаралар жоспарлауға мүмкіндік ашты.

Зерттеу жұмысын болашақта жалғастырып, қатысушылардың санын ұлғайту және сауалнаманы оңтайландыру арқылы терең зерттеу жүргізу қажет деп санаймыз.

танылды. Жұмыс уақытында психосоциалдық мәселелер орын алған жағдайды шешуге қабілеттілік деңгейі барлық лауазым иелерінде бірдей.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар жұмыс жасау барысында мүдделер қақтығысының орын алмағанын растайды. Зерттеу нәтижелері тәуелсіз болуы үшін провизорлық стационардың жұмысын тікелей бақылауға жауапты тұлғалар сауалнама өткізуді ұйымдастыруға қатысқан жоқ.

Әдебиет

1. COVID-19 Dashboard by the Center for Systems Science and Engineering (CSSE) at Johns Hopkins University (JHU). ArcGIS. Johns Hopkins University. Website. [Cited 25 Feb 2020]. Available from URL: <https://coronavirus.jhu.edu/map.html>.
2. Pneumonia of unknown cause – China. World Health Organization. Website. [Cited 25 Feb 2021]. Available from URL: <https://www.who.int/emergencies/disease-outbreak-news/item/2020-DON229>.
3. Nicholas J.B., Fletcher T.E., Fowler R. COVID 19. BMJ Best Practices. BMJ Publishing Group. 2020; Electronic resource. [Cited 25 Feb 2021]. URL: <https://bestpractice.bmj.com/topics/en-gb/3000168>.
4. Lai J., Ma S., Wang Y., Cai Z. et al. Factors associated with mental health outcomes among health care workers exposed to coronavirus disease. JAMA network open. 2020; 3(3): e203976-e203976. <https://doi.org/10.1001/jamanetworkopen.2020.3976>.
5. Huang C., Wang Y., Li X., Ren L. et al. Clinical features of patients infected with 2019 novel coronavirus in Wuhan, China. Lancet. 2020; 395(10223): 497-506. [https://doi.org/10.1016/S0140-6736\(20\)30183-5](https://doi.org/10.1016/S0140-6736(20)30183-5).
6. Coronavirus disease 2019 (COVID-19) Situation Report – 39. World Health Organization. Website. [Cited 25 Feb 2021]. Available from URL: https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/situation-reports/20200228-sitrep-39-covid-19.pdf?sfvrsn=5bbf3e7d_4 Tedros Adhanom Ghebreyesus.
7. Hu B., Guo H., Zhou P., Shi Z. Characteristics of SARS-CoV-2 and COVID-19. Nature Reviews Microbiology. 2020; 10(06): 1–14. <https://doi.org/10.1038/s41579-020-00459-7>.
8. Semenova Y., Glushkova N., Pivina L., Khismetova Z. et al. Epidemiological characteristics and forecast of COVID-19 outbreak in the Republic of Kazakhstan. Journal of Korean medical science. 2020; 35(24): e227. <https://dx.doi.org/10.3346%2Fjkm.2020.35.e227>.
9. Do T.D., Gui M.M., Ng K.Y. Assessing the effects of time-dependent restrictions and control actions to flatten the curve of COVID-19 in Kazakhstan. Peer J. 2021; 9: e10806. <https://doi.org/10.7717/peerj.10806>.
10. Mukusheva Z., Assylbekova M., Poddighe D. Management of pediatric rheumatic patients in Kazakhstan during the coronavirus disease 2019 (COVID-19) pandemic. Rheumatology International. 2020; 40: 1351-1352. <https://dx.doi.org/10.1007%2Fs00296-020-04613-5>.
11. Bokayev B., Torebekova Z., Abdykalikova M., Davletbayeva Z. Exposing policy gaps: the experience of Kazakhstan in implementing distance learning during the COVID-19 pandemic. Transforming Government: People, Process and Policy. 2021; 15(2): 275-290. <https://doi.org/10.1108/TG-07-2020-0147>.
12. Джарбусынова Б.Б., Хасанова М.Х., Гумар А.Р., Алмабекова М.В. Тревога и депрессия у врачей в период

пандемии COVID-19 // Вестник Казахского национального медицинского университета. 2020. - №4. - 239-244.

Dzharbusynova B.B., Hasanova M.H., Gumar A.R., Almabekova M.V. Trevoga i depressija u vrachej v period pandemii COVID-19 (Anxiety and depression among doctors during the COVID-19 pandemic) [in Russian]. Vestnik Kazahskogo nacional'nogo medicinskogo universiteta. 2020; 4: 239-244.

13. Попова Д.А., Давлетгильдеев Э.Р., Ерланова Е.Е., Абикулова А.К. Психоэмоциональное состояние студентов Казахского Национального медицинского университета во время пандемии COVID-19 // Вестник Казахского Национального медицинского университета. 2021. - №2. - С. 306-311.

Popova D.A., Davletgil'deev Je.R., Erlanova E.E., Abikulova A.K. Psihoemocional'noe sostojanie studentov Kazahskogo Nacional'nogo medicinskogo universiteta vo vremja pandemii COVID-19 (Psycho-emotional state of students of the Kazakh National Medical University during the COVID-19 pandemic) [in Russian]. Vestnik Kazahskogo Nacional'nogo medicinskogo universiteta. 2021; 2: 306-311.

14. Kim J.S., Choi J.S. (2016). Factors influencing emergency nurses' burnout during an outbreak of Middle East Respiratory Syndrome Coronavirus in Korea. Asian nursing research, 2016;10(4): 295-299. <https://doi.org/10.1016/j.anr.2016.10.002>.

15. Петриков С.С., Холмогорова А.Б., Суроегина А.Ю., Микита О.Ю. и др. Профессиональное выгорание, симптомы эмоционального неблагополучия и дистресса у медицинских работников во время эпидемии COVID-19 // Консультативная психология и психотерапия. – 2020. – Т. 28. – № 2. – С. 8–45. <https://doi.org/10.17759/cpp.2020280202>.

Petrikov S.S., Kholmogorova A.B., Suroegina A.Iu., Mikita O.Iu. i dr. Professional'noe vygoranie, simptomu emotsional'nogo neblagopoluchija i distressa u meditsinskikh rabotnikov vo vremia epidemii COVID-19 (Burnout, symptoms of emotional distress and distress among healthcare workers during the COVID-19 epidemic) [in Russian]. Konsul'tativnaia psikhologija i psikhoterapiia. 2020; 28(2): 8–45. <https://doi.org/10.17759/cpp.2020280202>.

16. Падун М.А. COVID-19: риски психической травматизации среди медицинских работников. Институт психологии Российской академии наук. Электронный ресурс [Дата обращения: 11 Мар 2021] Режим доступа: http://www.ipras.ru/cntnt/rus/institut_p/covid-19/kommentarii-eksp/m-a-padun-covid-19-riski-psihich.html.

Padun M.A. COVID-19: riski psikhicheskoi travmatizatsii sredi meditsinskikh rabotnikov (COVID-19: Mental Trauma Risks Among Health Care Workers) [in Russian]. Institut psikhologii Rossiiskoi akademii nauk. Elektronnyi resurs [Data obrashcheniia: 11 Mar 2021] Rezhim dostupa: http://www.ipras.ru/cntnt/rus/institut_p/covid-19/kommentarii-eksp/m-a-padun-covid-19-riski-psihich.html.

17. Семенова Н.В., Вяльцин А.С., Авдеев Д.Б., Кузюкова А.В. и др. Эмоциональное выгорание у медицинских работников // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – №2. – С. 37-37.

Semenova N.V., Vial'tsin A.S., Avdeev D.B., Kuziukova A.V. i dr. Emotsional'noe vygoranie u meditsinskikh rabotnikov (Burnout in healthcare professionals) [in Russian]. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia. 2017; 2: 37-37.

18. Верна В.В., Иззетдинова А.А. Профилактика профессионального выгорания медицинских работников в период распространения пандемии коронавирусной инфекции COVID-19 // Азимут научных исследований: экономика и управление. – 2020. – Т. 9. – №4(33). - С. 91-94. <https://doi.org/10.26140/anie-2020-0904-0019>.

Verna V.V., Izzetdinova A.A. Profilaktika professional'nogo vygoraniia meditsinskikh rabotnikov v period rasprostraneniia pandemii koronavirusnoi infektsii COVID-19 (Prevention of professional burnout of medical workers during the spread of the coronavirus infection COVID-19 pandemic) [in Russian]. Azimut nauchnykh issledovani: ekonomika i upravlenie. 2020; 9(4 (33)): 91-94. <https://doi.org/10.26140/anie-2020-0904-0019>.

19. Холмогорова А. Б., Петриков С.С., Суроегина А.Е., Микита О.Ю. и др. Профессиональное выгорание и его факторы у медицинских работников, участвующих в оказании помощи больным COVID-19 на разных этапах пандемии // Журнал им. Н.В. Склифосовского Неотложная медицинская помощь. – 2020. – Т. 9. – №3. – С. 321-336. <https://doi.org/10.23934/2223-9022-2020-9-3-321-337>.

Kholmogorova A. B., Petrikov S.S., Suroegina A.E., Mikita O.Iu. i dr. Professional'noe vygoranie i ego faktory u meditsinskikh rabotnikov, uchastvuiushchikh v okazanii pomoshchi bol'nyh COVID-19 na raznykh etapakh pandemii (Occupational burnout and its factors in healthcare workers involved in caring for patients with COVID-19 at different stages of the pandemic) [in Russian]. Zhurnal im. N.V. Sklifosovskogo Neotlozhnaia meditsinskaia pomoshch'. 2020; 9(3): 321-337. <https://doi.org/10.23934/2223-9022-2020-9-3-321-337>.

20. Schoonover K.L., Hall-Flavin D., Whitford K., Lussierevin M. et al. Impact of poetry on empathy and professional burnout of health-care workers: a systematic review. Journal of palliative care. 2020; 35(2): 127-132. <https://doi.org/10.1177%2F0825859719865545>.

21. Plan for the Health Sector, Annex P: Pandemic influenza psychosocial annex. Website. [Cited 25 Feb 2021]. Available from URL: <https://www.canada.ca/en/public-health/services/flu-influenza/canadian-pandemic-influenza-preparedness-planning-guidance-health-sector/pandemic-influenza-psychosocial-annex.html>.

22. World Health Organization. Mental Health Considerations during COVID-19 Outbreak. Geneva: WHO; 2020. Website. [Cited 25 Feb 2021]. Available from URL: https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019?gclid=CjwKCAjw1JeJBhB9EiwAV612y8MX9SEpxDtIj2CHi5sklmdQJMsZRhH1yjCcNvtRhMyZn0m9givwhxoCdz8QAvD_BwE.

23. Inter-Agency Standing Committee. Briefing note on addressing mental health and psychosocial aspects of COVID-19 Outbreak-Version 1.1. 2020. Website. [Cited 25 Feb 2021]. Available from URL: https://reliefweb.int/report/world/interim-briefing-note-addressing-mental-health-and-psychosocial-aspects-covid-19?gclid=CjwKCAjw1JeJBhB9EiwAV612yCzqCQKA2JkG_wt6HiDeKEGQUTXgWus88b9fSUIyoc9aAHFXUnZsBoCimYQAvD_BwE.

24. González-Rodríguez R., López-Castedo A., Sellar E.P., Verde-Diego C. Burnout syndrome in the Health System: The case of social health workers. Enfermería Glob. 2020; 58: 152-161. <http://dx.doi.org/10.6018/eglobal.382631>.

Assessment of the Psychoemotional status of Specialists in the Field of Traumatology and Orthopedics Working in a Provisional Hospital During the COVID-19 Pandemic

Nargiz Akhmediyarova¹, Galiya Orazova², Arman Batpen³

¹ Bachelor of the Public Health and Management Faculty, Astana Medical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

E-mail: askhrvna@gmail.com

² Associate Professor of the Department of Public Health and Hygiene, Astana Medical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

E-mail: galiyaorazova@gmail.com

³ Deputy Director of the National Research Center for Trauma and Orthopaedics named after Academician Batpenov N.D. for Academic Affairs and Strategy, Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: batpen_a@nscto.kz

Abstract

The purpose of the study: to assess the psychoemotional status of specialists in the field of traumatology and orthopedics working in a provisional hospital during the COVID-19 pandemic.

Methods. This one-stage cross-sectional study was conducted in the summer of 2021 in a provisional hospital created at the National Scientific Center of Traumatology and Orthopedics named after Academician Batpenov N.D. The average age of respondents (n = 42) was 32,2 years (SD = 12.5). The online questionnaire consisted of 12 questions compiled by the authors on the basis of the HADS and Maslach questionnaires aimed at identifying occupational stress.

Results. It turned out that the average medical staff working in a provisional hospital is more often subjected to psychoemotional stress. The prevalence of stress symptoms did not depend on the gender of medical workers, but was more common in women ($\chi^2 = 14.6$, $p < 0.001$).

Conclusions. We believe that during the COVID-19 pandemic, the average medical staff is more susceptible to psychoemotional stress than doctors and nurses. Discomfort from the use of personal protective equipment at work and the realization that the medical worker himself or his family members are at high risk of contracting COVID-19 were recognized as the main factors leading to psychoemotional stress.

Keywords: COVID-19 pandemic, sociological research, psychoemotional status, medical personnel.

Оценка психоэмоционального статуса специалистов в области травматологии и ортопедии, работающих в провизорном стационаре во время пандемии COVID-19

Ахмедьярова Н.А.¹, Оразова Г.Ұ.², Бәтпен А.Н.³

¹ Бакалавр факультета общественного здоровья и менеджмента, Медицинский университет Астана, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: askhrvna@gmail.com

² Доцент кафедры общественного здоровья и гигиены, Медицинский университет Астана, Нур-Султан, Казахстан.

E-mail: galiyaorazova@gmail.com

³ Заместитель директора Национального научного центра травматологии и ортопедии имени Академика Батпеннова Н.Д. по научной работе и стратегии, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: batpen_a@nscto.kz

Резюме

Цель исследования: оценить психоэмоциональный статус специалистов в области травматологии и ортопедии, работающих в провизорном стационаре во время пандемии COVID-19.

Методы. Данное одномоментное поперечное исследование было проведено летом 2021 года в провизорном стационаре, созданного при Национальном научном центре травматологии и ортопедии имени академика Батпеннова Н.Д. Средний возраст респондентов (n = 42) составил - 32,2 (SD=12,5). Онлайн анкета состояла из 12 вопросов, составленных авторами на основе опросников HADS и Маслач, направленных на выявление профессионального стресса.

Результаты. Выяснилось, что средний медицинский персонал, работающий в условиях провизорного стационара чаще подвергается психоэмоциональному стрессу. Распространенность симптомов стресса не зависела от пола медицинских работников, но чаще встречалась у женщин ($\chi^2 = 14,6$, $p < 0,001$).

Выводы. Мы полагаем, что во время пандемии COVID-19 средний медицинский персонал более подвержен психоэмоциональному стрессу, чем врачи и младшие медицинские работники. Дискомфорт от использования средств индивидуальной защиты на работе и осознание того, что сам медицинский работник или члены его семьи подвергаются высокому риску заражения COVID-19 были признаны основными факторами, ведущими к психоэмоциональному стрессу.

Ключевые слова: пандемия COVID-19, социологическое исследование, психоэмоциональный статус, медицинский персонал.